

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017.О.13.1- 2023
	Ереже нормативтік құжаттың түрі	28.08.2026ж. 9 беттің 1-беті

ДАРЫНДЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

Алматы қаласы

2026 жыл

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің
«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы»
РММ ректоры



А. Жүдебаев

« 28 » 08 2026 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында дарынды білім алушыларды қолдау және оқудан тыс қызметті дамыту туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Академиядағы дарынды білім алушыларды анықтау, қолдау және дамыту тәртібін, шарттары мен нысандарын, сондай-ақ білім алушылардың өзіндік білім алуын және негізгі білім беру бағдарламасынан тыс дамуын ынталандыру белгілерін айқындайды.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңдарына және Академияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Дарынды білім алушыларды қолдаудың мақсаттары мен міндеттері

3. Ереженің негізгі мақсаты – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында дарынды білім алушыларды анықтаудың, қолдаудың және дамытудың тұтас жүйесін қалыптастыру.

4. Дарынды білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу, олардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту, болашақ кәсіби мансабын жобалауға қолдау көрсету үшін тиімді әлеуметтік-білім беру ортасын қалыптастыру.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін:

- 1) дарынды білім алушыларды іздеу, тәрбиелеу және оқыту стратегиясын айқындау;
- 2) Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға және дамытуға ықпал ету;

- 3) талантты жастардың әлеуметтік-мәдени қалыптасуына жәрдемдесу;
- 4) білім алушылардың оқуға, ғылымға және шығармашылыққа қызығушылығын ынталандыру;
- 5) дарынды білім алушылармен жұмыста заманауи ғылыми және педагогикалық жетістіктерді пайдалану негізінде білім беру және тәрбие қызметтерінің сапасын арттыру;
- 6) дарынды білім алушыларды материалдық қолдау және әлеуметтік қорғау мүмкіндіктерін дамыту;
- 7) білім алушылардың патриотизмін, құқықтық және азаматтық мәдениетін, Академияның қоғамдық өміріне саналы әрі жауапты қатысуын қалыптастыру;
- 8) зияткерлік, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін, тұлғалық өсуін дамыту үшін қолайлы жағдай жасау;
- 9) талантты жастарды шығармашылық және қоғамдық салада іріктеу, қолдау және ілгерілету жүйесін жетілдіру;
- 10) әлеуметтік серіктестерді тарта отырып, білім алушылардың шығармашылық идеялары мен жобаларын анықтауға жағдай жасау;
- 11) дарынды білім алушыларды анықтау және қолдау жүйесін жетілдіру;
- 12) дарынды білім алушылардың қазақстандық және халықаралық шығармашылық конкурстарға, көрмелерге, фестивальдерге қатысу мүмкіндіктерін кеңейту.

3. Ережені іске асырудың негізгі бағыттары

5. Дарынды білім алушылармен жұмысты жетілдіруге бағытталған ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерді қабылдау.

6. Дарынды білім алушыларды зияткерлік және шығармашылық қызметке тиімді тартуға бағытталған іс-шараларды іске асыру.

7. Дарындылықты барынша дамытуға мүмкіндік беретін білім беру үдерісін ұйымдастыру.

4. Күтілетін нәтижелер

8. Ережені іске асыру нәтижесінде:

- 1) Академияда дарынды білім алушыларды анықтаудың, дамытудың және қолдаудың тиімді жүйесі қалыптасады;
- 2) білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігі артады;
- 3) дарынды білім алушылар үшін сапалы білім мен тәрбиеге қолжетімділік кеңейеді;

- 4) білім алушылардың қалалық, республикалық және халықаралық шығармашылық конкурстарға, фестивальдерге, көрмелерге және өзге де кәсіби іс-шараларға қатысуы артады;
- 5) дарынды білім алушылармен шығармашылық жұмысты қамтамасыз ететін материалдық-техникалық мүмкіндіктер жетілдіріледі.

5. Дарынды білім алушыларға қолдау шараларын ұсыну тәртібі мен шарттары

9. Жетістіктері үшін білім алушыларды Академия ректорының дипломдарымен, алғыс хаттарымен және қолданыстағы ішкі құжаттарға сәйкес өзге де марапаттау нысандарымен ынталандыру.

10. Қолданыстағы тәртіп пен қаржыландыру мүмкіндіктеріне сәйкес олимпиадаларға, конкурстарға, фестивальдерге және көрмелерге қатысуға байланысты шығыстарды қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру.

11. Қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес халықаралық конкурстардың жеңімпаздарына оқу ақысына жеңілдіктер немесе гранттар беру мүмкіндігін қарастыру.

12. Конкурстарға дайындық кезеңінде жоспардан тыс қосымша жеке сабақтарды ұйымдастыру.

13. Дарынды білім алушылармен өткізілетін қосымша жеке сабақтардың негізгі міндеті – білім алушының жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға және өзіндік шығармашылық стилін қалыптастыруға ықпал ету.

14. Қосымша жеке сабақтар Академияның белгіленген тәртібімен ұйымдастырылады.

15. Қажет болған жағдайда дарынды білім алушыларға қосымша сабақтар өткізуге оқытушыларды сағаттық ақы төлеу тәртібімен тарту мүмкіндігі қарастырылады.

16. Белгіленген талаптарға, қаржыландыру мүмкіндіктеріне және шет тілін меңгеру деңгейіне сәйкес дарынды білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуына қолдау көрсетіледі.

17. Жеке сабақтар ЖОО компоненті және таңдау компоненті пәндері шеңберінде ұйымдастырылуы мүмкін.

6. Білім алушылардың өзіндік білім алуы және оқудан тыс қызметі

18. Академия білім алушыларды өзіндік білім алуға, кәсіби және тұлғалық тұрғыдан негізгі білім беру бағдарламасынан тыс дамытуға ынталандырады және шығармашылық жоғары оқу орнының ерекшелігін ескере отырып, жүйелі оқудан тыс қызмет үшін жағдай жасайды.

19. Оқудан тыс қызмет шығармашылық ұжымдар, студенттік бірлестіктер, үйірмелер, секциялар, қызығушылық клубтары, спорттық іс-шаралар, волонтерлік, мәдени-көпшілік, әлеуметтік және қоғамдық жобалар арқылы жүзеге асырылады.

20. Білім алушылар шығармашылық зертханалар мен шеберлік сабақтарына, концерттік және театрлық жобаларға, көрмелерге, фестивальдерге, конкурстарға, ғылыми-шығармашылық конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, дебаттарға, спорттық жарыстарға және волонтерлік бастамаларға қатыса алады.

21. Академия үшін практикалық шығармашылық қызметтің маңызы ерекше. Білім алушылар қойылымдарға, концерттерге, көрме жобаларына, түсірілімдерге, шығармашылық кештерге, түрлі деңгейдегі фестивальдер мен конкурстарға қатысады. Мұндай қызмет міндетті оқу сабақтарынан тыс кәсіби құзыреттерді дамытуға мүмкіндік береді.

22. Білім алушылардың оқудан тыс қызметке тартылу деңгейі іс-шараларға қатысушыларды есепке алу, құрылымдық бөлімшелердің, факультеттер мен кафедралардың есептері, сондай-ақ білім алушылардың конкурстарға, фестивальдерге, жобаларға және қоғамдық қызметке қатысу нәтижелерін талдау арқылы айқындалады.

Қоғамдық іс-шаралар және олардың тұлғалық дамуға қосатын үлесі

23. Оқу жылы ішінде Академия мәдени-көпшілік, патриоттық, қайырымдылық, волонтерлік, ағартушылық, спорттық және шығармашылық іс-шараларды ұйымдастырады. Мәдениет және өнер қайраткерлерімен кездесулер, шеберлік сабақтары, шығармашылық кездесулер, концерттер, көрмелер, спектакльдер, конкурстар, фестивальдер, дөңгелек үстелдер, мемлекеттік және атаулы күндерге арналған іс-шаралар өткізіледі.

24. Аталған іс-шараларға қатысу білім алушылардың көшбасшылық және коммуникативтік қасиеттерін, әлеуметтік жауапкершілігін, шығармашылық бастамашылдығын, командада жұмыс істеу дағдыларын, ұйымдастырушылық қабілеттерін және кәсіби дербестігін дамытуға ықпал етеді. Шығармашылық жоғары оқу орнының білім алушылары үшін оқудан тыс жобалар кәсіби портфолио қалыптастыру мен практикалық тәжірибе алудың қосымша алаңы болып табылады.

Студенттік ұйымдар мен бірлестіктердің рөлі

25. Студенттік ұйымдар мен бірлестіктер студенттік өзін-өзі басқаруды және білім алушылардың бастамаларын дамытудың маңызды тетігі болып табылады. Олар мәдени, әлеуметтік, шығармашылық, спорттық және волонтерлік іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады, білім алушылар мен Академия әкімшілігі арасындағы коммуникацияға ықпал етеді.

26. Студенттік бірлестіктер қызметіне қатысу көшбасшылық, жобаларды басқару, жауапкершілік, көпшілік алдында коммуникация жасау және командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Білім алушылар Академияның ішкі ортасын дамытуға және әлеуметтік маңызы бар міндеттерді шешуге бағытталған бастамаларды өз бетінше ұсынуға және іске асыруға мүмкіндік алады.

Өзіндік білім алу және оқудан тыс қызмет үшін жағдайлар

27. Білім алушылардың өзіндік және оқудан тыс жұмысы үшін кітапхана қорларына, электрондық ақпараттық ресурстарға, оқу залдарына және Академияның интернет-ресурстарына қолжетімділік беріледі. Білім беру бағдарламаларының бейініне сәйкес білім алушылар белгіленген тәртіппен Академияның оқу және шығармашылық кеңістіктерін пайдалана алады.

28. Кәсіби дамудың қосымша мүмкіндіктері шақырылған мамандардың шеберлік сабақтары, ашық дәрістер, шығармашылық кездесулер, ғылыми-шығармашылық іс-шаралар, конкурстарға, фестивальдерге, көрмелерге және өзге де жобаларға қатысу арқылы қамтамасыз етіледі.

29. Тиісті мүмкіндіктер туралы ақпарат білім алушыларға Академияның ресми сайты мен әлеуметтік желілері, деканаттар, кафедралар, эдвайзерлер, ақпараттық таратылымдар және студенттік ақпараттық ресурстар арқылы жеткізіледі.

Білім алушылардың қанағаттануын мониторингтеу

30. Білім алушылардың өзіндік білім алу және оқудан тыс қызмет үшін жасалған жағдайларға қанағаттануы мерзімді сауалнама, кері байланыс, студенттік өзін-өзі басқару өкілдерімен кездесулер, білім алушылардың өтініштері, сондай-ақ өткізілетін іс-шараларға қатысуын талдау арқылы мониторингтеледі.

31. Кері байланыс нәтижелері жауапты құрылымдық бөлімшелерде қаралады және оқудан тыс қызметті ұйымдастыруды жетілдіру, сұранысқа ие іс-шара форматтарын кеңейту, білім алушылардың өзіндік шығармашылық және кәсіби дамуына жағдайды жақсарту үшін пайдаланылады.

7. Дарынды білім алушыларды анықтау, сүйемелдеу және қолдау тетігі

Дарынды білім алушыларды қолдаудың құжатталуы

32. Талантты және дарынды білім алушыларды қолдау осы Ереже, білім беру бағдарламалары, факультеттер мен кафедралардың жұмыс жоспарлары, сондай-ақ білім алушылардың конкурстарға, фестивальдерге, олимпиадаларға, конференцияларға, көрмелерге және өзге де шығармашылық және ғылыми іс-шараларға қатысуына байланысты бұйрықтар мен өкімдер шеңберінде жүзеге асырылады.

33. Білім алушылардың нәтижелері дипломдар, сертификаттар, алғыс хаттар, бұйрықтар, хаттамалар, кафедралар мен факультеттердің есептері, Академияның ресми ақпараттық ресурстарындағы жарияланымдар және өзге де растаушы құжаттар арқылы тіркеледі.

Дарынды білім алушыларды анықтау тетігі

34. Талантты және дарынды білім алушыларды анықтау бүкіл оқу кезеңі бойы жүргізіледі.

35. Анықтаудың негізгі құралдары: ағымдық және қорытынды үлгерім нәтижелері, шығармашылық қаралымдар мен көрсетілімдер, орындаушылық және жобалық қызмет нәтижелері, оқытушылар мен кафедралардың ұсынымдары, білім алушылардың халықаралық және республикалық конкурстарға, фестивальдерге, олимпиадаларға, конференцияларға, көрмелерге және өзге де кәсіби іс-шараларға қатысуы мен жетістіктері.

36. Тұрақты жоғары шығармашылық нәтижелер, кәсіби әлеует, бастамашылдық танытатын және Академияны сыртқы алаңдарда лайықты таныстыруға қабілетті білім алушыларға ерекше назар аударылады.

Жеке білім беру траекториясы

37. Жоғары нәтижелер көрсететін білім алушылар үшін қолданыстағы білім беру бағдарламалары шеңберінде білім беру траекториясын дараландыру элементтері қолданылады.

38. Жеке траекторияны қалыптастыру кезінде білім алушының кәсіби мүдделері мен шығармашылық мамандануы, шығармашылық жобалардың тақырыптарын таңдау, конкурстарға, фестивальдерге, ғылыми-шығармашылық және кәсіби жобаларға қатысуы ескеріледі.

39. Оқытушылар мен кафедралар мұндай білім алушыларға конкурстық бағдарламаларды, шығармашылық жобаларды, зерттеу жұмыстарын, спектакльдерді, концерттік нөмірлерді және өзге де кәсіби жұмыстарды дайындау кезінде консультациялық және шығармашылық сүйемелдеу көрсетеді.

Дарынды білім алушыларды қолдау мүмкіндіктері

40. Академия талантты білім алушылардың жетістіктерін республикалық және халықаралық деңгейде таныстыру үшін мүмкіндіктер жасайды. Қолдау конкурстарға, фестивальдерге, көрмелерге, конференцияларға және өзге де кәсіби іс-шараларға қатысуды ұйымдастырушылық және ақпараттық сүйемелдеуді; педагогтер мен шығармашылық жетекшілердің дайындығын; жобаларды әзірлеу үшін Академияның алаңдары мен ресурстарын ұсынуды; шеберлік сабақтары мен консультациялар өткізуді; білім алушылардың шығармашылық және ғылыми жобаларға қатысуына жәрдемдесуді қамтуы мүмкін.

41. Материалдық емес ынталандырудың маңызды нысандарының бірі – білім алушылардың жетістіктерін жария түрде мойындау. Жеңімпаздар мен лауреаттар туралы ақпарат Академияның ресми ақпараттық ресурстарында орналастырылады, құрылымдық бөлімшелер қызметінің қорытындыларын шығаруда және білім алушылардың жетістіктерін насихаттауда пайдаланылады.

42. Тиісті негіздер болған жағдайда білім алушылар мемлекеттік, атаулы және өзге де стипендияларды, сыйлықтарды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен нақты конкурстық бағдарламалардың шарттарында көзделген өзге де қолдау түрлерін алуға арналған конкурстарға қатысуға ұсынылуы мүмкін.

Қолдау бағдарламалары туралы ақпараттандыру


43. Конкурстар, фестивальдер, стипендиялық бағдарламалар, гранттар, сыйлықтар, конференциялар, шығармашылық жобалар және өзге де мүмкіндіктер туралы ақпарат білім алушыларға Академияның ресми сайты мен әлеуметтік желілері, деканаттар мен кафедралар, ішкі ақпараттық арналар және студенттік топтар арқылы жеткізіледі.

44. Кафедралар мен факультеттер кәсіби мамандануы мен жетістіктері нақты конкурс немесе бағдарлама талаптарына сәйкес келетін білім алушыларды атаулы түрде ақпараттандырады.

45. Дарынды білім алушыларды қолдау тетігі «анықтау → сүйемелдеу → қатысу → нәтижені тіркеу → мойындау және одан әрі ілгерілету» дәйекті жүйесі бойынша жүзеге асырылады.

«ӘЗІРЛЕДІ»

Шығармашылық бөлімінің басшысы
жөніндегі проректор


 Аязбаева А.И.
« 28 » тамыз 2026 ж.

Көркемдік жетекші


 Мухитденова Б.М.
« 28 » тамыз 2026 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»


Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс


« 28 » 08 2026 ж.

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік
мәселелер жөніндегі проректор


« 28 » 08 2026 ж.


Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор


« 28 » 08 2026 ж.

Оқу-әдістемелік қызметінің басшысы


« 28 » 08 2026 ж.

Заң бөлімінің басшысы


« 28 » 08 2026 ж.